



Автор: Рисжанова Эльмира Амангельдиновна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Жанды табиғат

Тақырып: Бунақденелілер қалай дамиды?

Оқу мақсаты:	4.2.2.2 Бунақденелілердің тіршілік циклін сипаттау
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар: Бунақденелілердің тіршілік циклін сипаттап, анықтайды.
Бағалау критерийі	Бунақденелілердің даму кезеңдерін біледі
Тілдік мақсат	Оқушылар:Бунақденелілердің даму кезеңдерін ,пайда болуын айтады.Пайдасы мен зияның дәлелелдейді. Мәтін бойынша сұрақтар дайындайды. Пәндік терминология мен тірек сөздер: Жұмыртқа,дернәсіл,жұлдызқұрт,қуыршақ.
Құндылықтар	Табиғатты қорғау
Пән аралық байланыс	әдебиеттік оқу, дүниетану
АКТ қолдану дағдылары	Презентация,кесте,суреттер,сызбалар
Алдыңғы меңгерілген білім	Тірі ағзалардың арасындағы , бір-бірімен қарым-қатынасы жайлы біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі оқушылармен амандасу,түгендеу. Психологиялық дайындық Табиғат-біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Табиғатты қорғайтын Біз әдепті боламыз -Өткен тақырыпқа шолу жасау. Қалпақ ойыны арқылы үй тапсырмасын қайталау.Музыка қосылады қалпақ музыка тоқтағанда кімнің басында қалса,сол оқушы сұраққа жауап береді. Өсімдіктер мен жануарлардың арасында қандай қатынас бар? Өсімдіктің тұқымы қалай таралады? Өсімдікке гүл не үшін қажет? Гүлдейтін өсімдікті ата.	«Ашық микрофон» әдісі Маркер,А3 қағаз,маркер ,бунақденелілердің суреттері
Жаңа сабақ	Ой қозғау. Жұмбақ. 1.Ұшып жүрген гүл көрдім, Қонғанда ұстап үлгердім. (Көбелек) Ине бел, қылқы мойын, қара батыр 2.Қара тауды арқалап бара жатыр. (Құмырсқа) 3.Еңбегі бапты, емгені тәтті Өмірлік нәрін гүлдерден тапты. (Бал арасы) 4.Өзім үшін сені ұрам, Сен үшін өзімді ұрам, Сен үшін өзімді ұрсам- Ағады менің қаным, Жарылады сенің қарның. (Маса)	сызба

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	• Олай болса, көбелек, құмырсқа, бал арасы қай топқа жатады? Бунақденелілерге жатады. .Бунақденелілер туралы кинофильм көрсету. Бунақденелілер туралы түсіндіру. Оқулықпен жұмыс.Мәтінді оқып,ішінен түсініксіз жерлерді түртіп алу.Түртіп алу әдәсі. Мәтін бойынша сұрақ құрастыру топтар арасында. Нәтижелерді талқылап, қорытынды шығару.1. Ойлан Жер бетінде бунақденелілердің неліктен көп екендігін айқындау - Оларға мысал келтір. Бунақденелілерді ерекшелеп сызу. Жануарлардың ішінде ең көп тараған бунақденелілер екенін айту. Бунақденелілер неліктен көп деп ойлайсың? Дескриптор: - Бунақденелілерді атайды; - Бунақденелілердің аталуының себебін түсіндіреді - Бунақденелілерге мысал келтіреді сәйлемдерді толықтырып айтады / жазады Постер қорғау.Топтық жұмыс. Оқушыларға бунақденелілердің қиынды суреттері таратылады.Қиындыларды жапсырып бунақ денені анықтап,даму кезеңдерін,жазып ,айтады.Топпен постер қорғайды. Есте сақта!(Қосымша мәлімет) Қаңқыз арнайы зертханада өсіріп, бау-бақшаларға, егістікке жіберіледі. Зиянды бунақденелілер жұлдыз, картопқоңыз, бит, қандала т.б Сергіту сәтін өткізу . «Көңілді күн» видео арқылы жаттығу жасау. Дәптермен жұмыс.21 бет Жеке жұмыс Қоңыздың даму сатысын анықтап,ретімен жазу. Қандала мен қоңыздың даму сатыларын анықтасалыстыру. Көбелектің даму сатыларының атауларын жазу. Оқушының аты-жөні: № Дескриптор Балл 1 Қоңыздың даму сатысын анықтап,ретімен жазады. 2 балл 2 Қандала мен қоңыздың даму сатыларын анықтап (ұқсастығын,айырмашылығын)салыстырады. 2 балл 3 Көбелектің даму сатыларының атауларын жазады 4балл 7-8 балл-Өте жақсы 5-6 -балл-Жақсы 3-4 балл-Орташа 8 балл Жұптық жұмыс Тапсырма «ия», «жоқ» әдісі (әр дұрыс жауаптың тұсына «v» белгісін қойыңыз) Сұрақтар ия жоқ 1.Табиғатта барлық тірі ақзалар бір-бірімен қарым-қатынаста болады . 2.Өсімдіктердің тұқымын құстар таратады. 3.Жануарлар өсімдіктің көбеюіне көмектеседі. 4..Тоқылдақ саңырауқұлақтың көбейіп,таралуына көмектеседі. 5..Гүл өсімдіктің көбеюіне көмектеспейді	Қиықшалар
Қорытындылау Сабақтың соңы	Бүгін сабақта не туралы айттық? Не ұнады? Рефлексия. «Білім ағашы» Жасыл алма-тақырыпты толық меңгердім Сары алма-тақырыпты жартылай меңгердім,қайта қараймын Қызыл алма- тақырыпты меңгере алмадым,көмек керек. Қосымша ақпарат Бунақденелілер туралы жазу Кесте толтыруға арналған топтық жұмысты бағалау Топта, жұпта, жеке жұмыс жасау ережелерін сақтау Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз? Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз? Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы Үй тапсырмасы 30-31 бет оқу. Бунақденелілер қалай дамиды? Оқулық Дәптер • Саралау – қосымша • көмек көрсетуді тапсырмаларды саралау арқылы жоспарлаймын. Мәселен кез келген тапсырманы оқушы қабілетіне қарай күрделендіре отырамын. • Оқушыларға жеке,жұпта,топта тапсырмалар беріп отырамын Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексерудің тәсілдерін түрлендіріп отырамын. Мадақтау, тапқырыпқа сәйкес суреттермен,ауызша мадақтап бағалаймын. Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтар дағы байланыс Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: Бунақденелілер ұғымымен толық танысты. 2: Бунақденелілердің даму сатыларын толық меңгерді. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1:Табиғаттағы жәндіктер,бунақ денелілер зиянды түрлері кездессе өзін-өзі ұстау ережелерін біледі. 2: Өзінің жеке қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарайтын болады.	